

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғоғистон» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

**6 – СЕКЦИЯ**  
**ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ**

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ  
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

### **6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ**

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	Максимова Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ  
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

## 6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinary terms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА  
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР  
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ  
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” ( 三体 ) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY**

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

тағдырын шынайы суреттеуімен ерекшеленеді. «Ай мен Айша» романы - жазушы Ш.Мұртазаның шоқтығы биік туындыларының бірі. «Ай мен Айша» - өткен ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласының үні мен тынысы, жігерлі де дана қазақ әйелінің болмысы, замана тауқыметінен ерте есейген баланың өр мінезі көрініс табады. Романдағы әрбір оқиғаның оқырманға берер тәрбиелік мәні мен құндылығы жоғары» [6].

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасында автор өзінің балалық шағынан бастап, жеке тұлға ретінде қалыптасу жолын бейнелейді. Қазақтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, ата-анасынан алған тәрбиесін көрсетіп, оқырманға қазақ халқының рухани құндылықтарын жеткізеді. Бұл мәселенің маңызы әлі күнге өзектілігін жоғалтпағанын зерделеген зерттеуші ғалым Н.Ақыштың: «Оқырмандар ұрпағы ауысып, адамзатқа тән жекелеген ортақ ұстанымдар жаңарып, өзгерген сайын өзінің рухани-эстетикалық мықтылығымен «Ұшқан ұя» тәрізді туындылар өмір оқулығына айнала бермек. Оқиға нысанының осындай ара салмағын сараптап, бағамдай келіп, бұл шығарманы жазғандағы жазушының басты мақсаты – өзі туралы әңгімелеу емес, өзі куә болған, естіген жағдаяттарды негізге ала отырып, қазақ ұлтының адами бет-пішінін, әлеуметтік қалпын, халық ретіндегі болмыс-бітімін ашып көрсету болған деп тұжырым жасаған қисындырақ. Өйткені шығарманың кейіпкерлеріне айналған адамдардың төңірегінде өрбитін оқиғалар, әлеуметтік-моральдық және психологиялық тартыстар, бәрі тұтаса келіп, қазақ қауымы жайлы ұлағатты да танымды мәні бар келелі әңгіме құрайды», - деген пікірімен келісеміз [7,1006].

Жас оқырмандарды мемуарлық романды оқуға қызықтыру өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, рухани құндылықтарды бойларына сіңіруге және тұлғалық дамуына ықпал етері сөзсіз. Тәуелсіз елдің ұландары үшін мемуарлық шығармалар ұлттық құндылықтарды түсінуге, тарихи шындықты тануға және әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. - Ленинград, 1971. – 143 с
2. **Қирабаев С.** Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы : Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2001. – 437-б.
3. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. – Алматы, 1997. – 98–102 б
4. Сейфуллин С.Тар жол, тайғақ кешу.-Алматы: Жазушы, 1977. – 382 б
5. Мұқанов С.Өмір мектебі. Бірінші кітап. Азапты жолда. - Алматы: «Өлке» баспасы, 2018. – 520 б
6. Жанатбекқызы Ж. Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасын оқытудағы инновациялық технологиялардың қолданысы. Impact Factor: SJIF 2023 - 5.95 2024 - 5.99 Педагогические науки. <https://cyberleninka.ru/article/n/sh-m-rtazany-ay-men-aysha-shy-armsyn-o-ytuda-y-innovatsiyaly-tehnologiyalardy-oldanysy/viewer>
7. Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. - Алматы: Арда, 2010. – 460 б

ӘОЖ 14.09

### **ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙДЫҢ «БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ!..» ЕҢБЕГІ: МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ**

**Дәуренбек Аяжан Жарасқанқызы**

[ayazhan\\_daurenbek\\_03@mail.ru](mailto:ayazhan_daurenbek_03@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 1-курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі – қауым. проф., ф.ғ.к. Кеменгер Қ. Р.

### **Аннотация**

Мақалада Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе!..» еңбегіндегі қазақ әдебиетінің тарихи сабақтастығы мен рухани мұрасы ғылыми тұрғыдан қарастырылады. Ғалымның зерттеуіндегі негізгі нысана – Мұхтар Әуезовтің шығармашылық әлемі. Зерттеу барысында тарихи және көркемдік шындықтың арақатынасы, қаламгердің шығармашылық еркіндігі мен қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеру тәсілі ашылып көрсетіледі. Әдебиеттанушы ғалымның ой-тұжырымдары, тарихи оқиғалардың көркем шығармадағы көрінісі қарастырылады.

Мақалада Тұрсын Жұртбай зерттеулерінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы орны, оның ұлттық әдебиет пен руханиятты жаңғыртудағы маңызы айқындалады.

#### **Кілт сөздер:**

Қазақ әдебиеті, тарихи сабақтастық, көркемдік шындық, тарихи шындық, ұлттық әдебиет, әдебиеттану, рухани мұра.

#### **Кіріспе**

Әдебиет – ұлттың рухани кеңістігін бейнелейтін мәдени-әлеуметтік құбылыс. Ол дәуірдің шындығын, тарихи тәжірибені, ой мен сана эволюциясын көркемдік деңгейде жинақтай отырып, кейінгі ұрпаққа аманат етеді. Тарихи сабақтастық пен өткен мен бүгіннің үздіксіз диалогы болмай, әдебиет тіршілігін жалғастыра алмайды. Ғалым Р. Нұрғали сөзімен айтқанда, «үлкен әдебиет қашанда халық өмірінің белді кезеңдерін, дәуір тудырған әлеуметтік тартыстарды, қоғамдағы саяси ағымдарды, психологиялық шытырмандарды айналып өтіп кете алмайды. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір өнер тілімен сөйлеп, ұрпақтар талқысына түспек» [1, 16].

Қазақ әдебиетінің осындай дәстүрлі байланысын зерттеу барысында көрнекті ғалым, әдебиеттанушы Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе!..» атты еңбегі ерекше мәнге ие. Бұл еңбек қазақ руханиятының тереңінен тамыр тартатын интеллектуалдық жүйесін, оның Абайдан Әуезовке, Әуезовтен кейінгі ұрпаққа берілер рухани жүгін ғылыми тұрғыдан қарастырады. Әсіресе, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасы тек жазушының дара көркемдік ойлау жүйесінің жемісі ғана емес, ұлттық сананың қалыптасуындағы заңды жалғастықтың бір көрінісі ретінде зерттеледі. Ғалымның еңбегінде Мұхтар Әуезов әлемі — тарихи, мәдени, саяси, қоғамдық өзгерістердің күрделі қақтығыстарынан туындаған феномен ретінде сипатталып, оның шығармашылығының арғы негіздеріне үңіледі. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиет тарихының заңдылықтарын зерделеу үшін тек жеке қаламгерлік ізденістерді емес, тұтас әдеби процестің құрылымдық сипатын зерттеу маңызды.

#### **Негізгі бөлім**

Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе!..» атты ғұмырнамалық-толғауы – ұлы ақын Абайдың парасат-пайымын терең түсініп, өнеге мен өсиетін, тағылымы мен талабын бойына сіңірген, қазақ әдебиетінің заңғар тұлғасы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылық мұрасы мен өмір жолын зерттеу нысанасы еткен зерделі еңбек. Ғалым сөзімен айтар болсақ, Мұхтар Әуезов – сан қатпарлы ойдың иесі, тереңнен тамыр тартқан кемел талант. «Талант – табиғаттың тылсым құпиясы. Ол – адамның бойына қалай, қай жаста дариды, әлі тиянақталмаған тұжырым», – деп ғалым жазғанындай, әдебиеттану мен оның әрбір саласына қатысты қаламы өндіре жазып, еңбегі адам жүрегін елең еттіре туындаған жазушы-зерттеуші Мұхтар ағамыздың таланты мен өмір мен өнеріндегі алғашқы қадамдары Абай батасымен рухтана түскен [2, 62]. Осы шығармашылық ізденістің алғашқы белгілері оның семинарияда оқып жүрген кезінде-ақ байқалды. Кейбір деректерде оның зейіні мен жазушылыққа құмарлығы осы кезеңде жазылған «Дауыл» әңгімесінен көрінетіні айтылған. «Тамыр мен тағдыр» бөлімінде қаламгердің парасат сапарының екі арнасының бірі деп сол ұлы ақынның мұрасы әрі атасы Әуездің тәрбиесі екені айтылса, екінші

арнасы Абай уағыз еткен европалық ілім екені рас. Бұл рухани қос арна болашақ ұлы жазушының қалыптасуына ерекше ықпал етті.

1915 жылы қазақ даласында өткізілген әдеби кеш те оның өнерге деген құштарлығын тереңдете түсті [3, 251]. «Қазақ» газетінің №112, №113 сандарында жарияланған Р. Мәрсеков сөзі арқылы бізге белгілі бұл кеште қазақтың оқыған ару қызы Нәзипа Құлжанова бастаған топ өнер көрсетсе, Қ. Мұхаметханов, Т. Жомартбаев, Қ. Сәтбаев декламация оқиды. Кейін сахнада «Біржан-Сара» айтысы тіріліп, Жанақ ақын мен бала айтысы қойылады. Қайым Мұхаметханов деректеріне сәйкес, 17-18 жас шамасындағы Мұхтар Әуезов сол айтыстың пьеса болып сахналануына көп жәрдемдескен. Бұл пікірдің өзі-ақ оның жастайынан өнерге деген ынтасын айғақтайды. Сол себепті «тылсым құпия» деген ойға қосарымыз – таланттылық еңбекпен, ыждаһаттылықпен, ізденіспен ұштасқан күнде ғана жемісті болмақ. Қаламгердің арғы-бергі еңбегін барлай қарасақ, оның сол шығармашылық жеңіске қол жеткізгенін әрі «бейнеттеніп жүріп тапқан зейнеті» болғанын аңғару қиын емес. Мұндай білікті де білгір әдебиетші жайлы тынбай ізденген ғалым Тұрсын ағамыз да «Бесігінді түзе!..» еңбегімен қатар, «Талқы», «Бесігінді аяла», «Бейуақ», «Сүре сөз» сынды зерттеулерінде тың ақпарат, тың дерек берген.

«Бесігінді түзе!..» – қаламгердің «соқтықпалы, соқпақсыз» шығармашылық жолын терең пайымдаған, дерек пен дәлелге негізделген құнды зерттеу. Аталмыш ғұмырнамалық-толғау жазушының әдебиет пен ғылымдағы, ұлттық санадағы орнын бажайлап, шығармашылық еркіндік пен тарихи шындық арасындағы тартысты нақты деректермен айқындап береді. Мәселен, «Кімді іздеп өмір сүрем?» деген айдар қойып, ғалым жазушының есімін елге таныта отырып, тағдырдың талқысына түсірген «Қарагөз» жайлы сөз қозғайды. «Болашақтағы зауалдың алғашқы күйіні» боп соққан, Мұхтар Әуезов есімін әдебиет тарихынан өшіру қажет деген талаптың туындауына түрткі болған туындысы. Бұл туындының айналасында нешебір сын айтылған. Олардың бастауы 1928 жылы «Құс жолы» жинағында басылған мақала еді. Ғалым Тұрсын Жұртбай сол мақалада келтірілген орынсыз сынды ажырата келіп, пьесаның жазылуына не себеп болғаны жайлы ақиқатты іздейді [2, 332].

Мұхтар Әуезов – еңбегі аңызға айналған, шығармашылық мұрасы мен мұраты ұрпақтан-ұрпаққа дәріптелетін тұлға. Оның ерен еңбегі мен суреткерлік дарынына берілетін сый-құрмет пен аңыз адамына теңеудегі бір астар – жазушының батырлығы мен батыл жаза білуінде, қоғам дертін ашықтан-ашық көтере білуінде. Замана айнасы боп келетін туындылары үшін қаламгер сын мен қауіптің арасында жүрген десек, қателеспейміз. Жазушы Т. Нұртазин «Шеберлік туралы ойлар» атты еңбегінде: «Жазушы – күрескер. Оның күйері, сүйері, ынтығары, безері, көтере мадақтары, күйрете талқандары бар. Шығармаға күш-қуат, уыт дарытатын, автордың даралық өзгешелігін танытатын солар. Өмірді тез танып, сырын тереңдей ашуға қанаттандырып, жебейтін де солар», – деп жазады [4, 9]. Көкейдегі ақыл мен кеудені кернеген сағыныш пен қимастықтың жалыны боп туған «Қарагөз» күрескер жазушының өз тағдырының махаббат кезеңінің көрінісі іспеттес. Жоғарыда аталған «Құс жолы» жинағының авторлары пьесадан ең басты үш түрлі мін тапқан деседі. Әуелі, көшпелі жұрттың ас пен тойда жиналатын жерге ала белгі ретінде алыстан көзге шалынуы үшін шүберектер қоятын ала туды бұрмалап, Алаш идеясын тірілтуді көздеді десе, екіншіден, «Қарагөзде» орын алған уақыт «Еңлік-Кебек» заманымен тұспа-тұс дегенді ескермей, «қазіргі эн мұнайған жүдеу, қаралы» сөзінен астар іздейді. Оны бостандықты мінеп тұр деп таниды. Үшіншісі, автордың Европаға еліктеуі. Мұны пьесада көп көрініс табатын тоғайдан табады екен. Осы сындарды саралай отырып, ғалым: «Бұл – жаланың кіріспе ғана, кіріспесі», – деп, пьесаның М.Әуезов үшін жекебасының көкейкесті күйі екенін жазған[2]. Бұл пікірді Әлкей Марғұланның Кәмила апай мен жазушы Мұхтар арасындағы іңкәрлық пен қимастықпен қоштасуы жайлы естеліктері растайды. «Барлық құпия – Қарагөзді жоқтап, Сырымның аузынан айтылған осы сөзде жатыр: «Кімді іздеп өмір сүрем?» Расында да кімді іздеп өмір сүреді?...» [2, 337]. Бұл сұраққа ғалым Ғайса Сармурзиннің естеліктері арқылы жауап іздейді. Естелікке сәйкес,

«Қарагөз» пьесасын жазу Мұхтар Әуезов үшін жай ғана шығармашылық процесс емес, ішкі жан толқынысының көрінісі болған. Шығарманы жазу барысында жазушының өңі сұрланып, ой тұңғығына батқандай күй кешкен. Қаламының қағаз бетінде сырғыған дыбысы ат дүбіріндей екпінді, жүректің соғысындай қатты естілген көрінеді. Ал пьесаның аяқтаған сәтте сұсты жүзі жадырап, шабытты көңілі енді ғана көншіген екен. Осы орайда, ғалым В.С. Ротенбергтің «Жаныңа түскен қасіретті, махаббат азабын жеңудің ең сыйымды жолы – творчество» деген сөзімен пара-пар екені еске оралады.

Жоғарыда «Бесіңді түзе!..» еңбегін «зерделі», «кұнды» деп бағалап едік. Оның бірден-бір себебі – ғалымның тұжырымды деректер, есті естеліктер, кейде архивте сыры кетпеген құжаттарды дөп қолдануында. Ғалым «Қарагөз» трагедиясындағы оқиғалардың бұрын-соңды айтылмаған астарлы шындығын соған негіз болған прототиптер арқылы жеткізеді. Бірінші прототип ретінде Құнанбайдың бәйбішесі Айқыздан туған Халиолла мен Тінібайдың немере қызы Айғанымды атайды. Деректерге сүйенсек, Айғаным Халиолланың әпкесі Мәкішті тоқалдыққа алған адамның бәйбішесінің қызы. Аса бір туыстық болмағанымен, Тінібай мен Құнанбай бастаған екі жақ та қарсы болады. Әке-шешелерінің рұқсат бермейтінін біліп, қос ғашық қашпақ болады, бірақ соңынан әскер жіберіп, екеуін абықтыға қамап, сот ісін қозғайды. «Ағайындарының қорлығы мен қоқан-лоққысынан қатты азап шегіп, шошынып қалған қыз шерменде күйге шыдамай есінен адасады. Оның қызба ауруға шалдыққанын естіп, өзі де құсаланып, 1870 жылы 2 шілдеде қайтыс болады», – деп жазады ғалым [1, 366]. «Қарагөз» трагедиясының соңында қыздың сүйгені Сырымнан айрылған соң жынданған сценасына осы оқиға негіз болған. Бұған дәлелді Әбіш Жиреншин естеліктері арқылы келтіреді: «Қаракөздің» соңғы түйіні Халиолланың өмірінен алынғанын Мұхаң оңашада бір әңгімелеп отырғанымызда маған сыр ғып айтқан» [1, 367]. Екінші прототип ретінде Сарыарқаны әнге бөлеген Біржанның серігі Әмір Құдайбердиев пен оның сүйгені Үмітей арасындағы махаббат сезімін атаған. Әмірдің Үмітейге деген сезім-күйі «Абай жолы» романындағы «Оқапта», «Жайлауда» тарауларында суреттелген. Ғалымның белгілеуінше, Үмітей Әмірдің өзін ұзатуын сұрағаны сияқты, Қарагөз де ұзату тойының сыйлы қонағы етіп Сырымды шақырған. Әмірдің «Үмітейсіз күнім жоқ» деп торығуы Сырымның «Қаракөз жоқ жерде өз басыма тірлік жоқ дейтін күнге жеттім» деген сөзімен астарлас. Ғалым келтірген прототип қатарын толықтырған сүйгені Ниязбекпен қосыла алмаған Ғалия еді. Оның тоғай аралап есінен адасуы «Қарагөз» трагедиясының шешімімен ұқсас. Соңғы кезекте ғалым «Қаракөздің» жазылуына себепші болған ішкі сезім, лаулаған отты себеп еткен. Яғни Мұхтар Әуезовтің сүйгені Кәмила Мағауияқызының тағдыры да арқау болған.

Түйіндей келгенде, ғалым мына бір келісті ойымен бөліседі: «Анығы – дәл осы «Қаракөздің» жазылу тарихы, өмірлік жолы қандай қиынға соқса, оның өнер сапары да сондай ауыр болды» [1, 389]. Ендеше, бұл туынды тек әдеби шығарма ғана емес, қаламгердің жан күйзелісі мен күрескерлік рухының айнасы іспетті. Сондықтан «Қарагөз» сахна төріне шыққан сайын, оның астарында жатқан терең трагедия мен шындық та қайта жаңғырып отырады.

Ендігі бір ақиқат сөз қазақ ұлттық театрының шымылдығын ашқан «Еңлік-Кебек» пьесасы жайлы болмақ. Ақыш Тұрағұлқызының естеліктеріне сәйкес, бұл пьесаның ұйымдастырылып сахнада қойылуына, актерлық құрамның таңдалып, сценарийдің, сахнаның дайындалуына араласқан М. Әуезов еді. Ғалым Тұрсын Жұртбайдың еңбегінде келтірілген бұл естелік Абай мен Мұхтар арасындағы рухани өзектестіктің тамырынан сыр шертеді [1, 87]. Абай ауылының еңсесін көтерген пьеса қазақ драматургиясының да жандануына, қазақ сахнасының негізделуіне алғашқы дәнекер болды. Тарихи шындықтың екшеліп барып, көркем туынды боп шығуының үлгісі еді. Сол себепті қаламгердің алдында тұрған басты міндет – оқырманға өткен тарихты сыни көзбен қарауды тапсыру, қазақ даласында орын алған оқиғаның астарына үңілу, ұрпақты хабардар ету еді. Оның себебін ғалым тарихынан тағылым алмаған халықтың келешегінің үмітсіз болатындығымен байланыстырған.

«Қашанда өмірлік шындықтан гөрі көркемдік шындықтың өмірі ұзақ», – деп жазады ғалым [5]. Расымен де, өмірдің қилы-қилы кезеңдеріндегі түрлі фактілерді бір шығармашылық мақсат аясында жинап, өзара байланыстырар болса, оны жазушы шығармашылық қиялымен толтырар болса, тарихи жағдаяттар халық жадында сан жылдар сақталар еді. Ал бұл жолда жазушының қиялына шек қойып, шығармашылық әлеміне өзгелер бой сұқса, жазылар туындының да ғұмыры келте болмақ. Бұл ойды ғалым: «Бұл – шығармашылық адамының шабыт отына су қою, қанатын кесу деген сөз», – деп түйіндеген еді [5]. «Еңлік-Кебек» пьесасы – тек қос ғашықтың трагедиясы ғана емес, тұтас қазақ қоғамындағы әлеуметтік, саяси және мәдени қайшылықтарды ашып көрсететін терең философиялық шығарма. Ғалым Тұрсын Жұртбай өз зерттеулерінде бұл пьесаның тарихи негіздеріне терең талдау жасап, оның әдеби, мәдени және қоғамдық маңызын ашып көрсетеді. Зерттеушінің пайымдауынша, «Еңлік-Кебек» – қазақ сахнасына жаңа жанр әкелген алғашқы тарихи драмалық туынды ғана емес, ұлттық драматургияның бағытын айқындаған шығармалардың бірі. Бұл пьесада тарихи шындық пен көркемдік қиял шебер тоғысып, белгілі бір оқиғаның әдеби нұсқасы мен тарихи деректер арасындағы шекаралар көркемдік әдіспен жаңаша құрылады. Тарихи шындыққа сүйенсек, Еңлік пен Кебек XVIII ғасырдың соңында, шамамен 1770 жылдары өмір сүрген тұлғалар. Олардың тағдыры – феодалдық қоғамның қатал заңдарына қарсы шыққан махаббаттың символына айналған трагедия. Бірақ сол оқиғаға қатысты әртүрлі деректер бар. Қайым Мұхамедхановтың деректерінде: «Еңлік пен Кебек жайы 18 ғасырдың ортасында болған тарихи шындық. Оқиға Найманның Матай руы мен Тобықты арасында болады», – деп жазылады [6, 119]. Енді бір нұсқада Еңлік пен Кебек шынымен бірін-бірі сүйіп, қашып кеткені айтылады, ал басқа бір деректерде олардың тағдырын руаралық қақтығыстар мен көшпелі қазақ қоғамындағы әлеуметтік нормалар айқындағаны көрсетіледі. Мұндай қарама-қайшы деректер жазушыға оқиғаны көркемдік тұрғыдан қайта зерделеуге мүмкіндік берді.

Мұхтар Әуезов пьесаны жазу барысында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» поэмасындағы нұсқаға сүйенген. Шәкәрімнің бұл еңбегі тарихи оқиғаларға негізделгенімен, көркемдік қиялдың рөлін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан Мұхтар Әуезов тарихи материалды өңдеу барысында тек оқиғалар желісін ғана емес, сол кезеңдегі қоғамдық құрылымның қайшылықтарын да ашып көрсетуді мақсат еткен. Бұл пьеса тек екі ғашықтың махаббат трагедиясы ғана емес, тұтас бір дәуірдің әлеуметтік көрінісі, қазақ қоғамының моральдық-этикалық құндылықтарына берілген сыни көзқарас болды. Пьесадағы ең басты тарихи-әлеуметтік мәселелердің бірі – рулық қақтығыстардың салдарынан жеке адамдардың тағдырының құрбандыққа шалынуы. Бұл мәселе қазақ қоғамының сол кезеңдегі әлеуметтік құрылымын көрсетеді. Ру арасына біткен өшпенділік, билер институтының әділетсіз шешімдері, әйелдердің еріксіз тағдыры – Мұхтар Әуезовтің тарихи деректерге сүйеніп бейнелеген тақырыптары. Ол бұл арқылы тек өткенді ғана емес, сол кезеңдегі қоғамдық жүйенің кемшіліктерін де көркем түрде әшкерелейді. Ғалымның пікірінше, «Еңлік-Кебек» пьесасы тарихи шындықты көркемдік шындықпен үйлестіре отырып, белгілі бір дәуірдің саяси-әлеуметтік сипатын ашуға бағытталған [2, 82]. Мұнда әдебиет пен тарихтың өзара ықпалдастығы, фольклорлық аңыз бен деректік материалдың синтезі байқалады. Қазақ әдебиетінің дамуында бұл әдіс кейінірек ұлттық драматургияның жетекші бағытына айналды. Тарихи шындық пен әдеби қиялдың үйлесімділігі арқылы жасалған бұл пьеса – ұлттық әдебиетіміздегі алғашқы толыққанды драмалық туындылардың бірі болды. Ғалым Тұрсын Жұртбайдың зерттеулері көрсеткендей, М. Әуезов тарихи материалды негізге ала отырып, оның мағыналық ауқымын кеңейтті. Бұл шығармада автор тек бір оқиғаны баяндап қоймай, қазақ қоғамындағы әділетсіздік, ру арасындағы тартыс, жеке тұлғаның трагедиясы сияқты күрделі мәселелерді көркемдік тұрғыда шешуге ұмтылды. Демек, «Еңлік-Кебек» пьесасының шындығы – тек тарихи оқиғаның әдеби

интерпретациясы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірінің көркемдік шежіресі.

Ғалым «Көз жасың өртеп барады» атты бөлімде өмірден алынған нақты материалды арқау еткен «Оқыған азамат» жайлы шындықты баяндайды. «Оқыған азамат» – шынайы оқиғалар мен тарихи деректерге негізделген, сыншыл көзқараста жазылған туынды. Тақырыбының өзі сатиралық сипатта таңдалған бұл шығарма мазмұнымен үйлесім тауып, әдеби кеңістікте өз орнын тапқан. Шығарма 1921 жылдары қаламгермен бірге «Ес-аймақ» ұйымын басқарып, ел ішіндегі өнер, ғылым және білім саласында адал еңбек еткен Сейт Тоқымбаевтың өмір жолын негіз етіп алған. Оның тағдыры – өз заманының ағымында білімге құштар, халқы үшін қызмет етуге ұмтылған зиялы азаматтың бейнесін айқын көрсететін маңызды дерек. Аз ғана ғұмырында ұйымдастырған «Ес-аймақ» ұйымы кейін Семей театрының негізіне айналғанын ескерсек, оның еңбегі мәдениет пен өнердің өркендеуіне қосылған өлшеусіз үлес екенін көреміз. Талапты жастың қысқа ғұмыры аяқталғанда, Мұхтар Әуезов досымен қимастықпен қоштасып, оған арнап жоқтау мақаласын жазады [2, 245]. Ғалым Тұрсын Жұртбайдың келтірген деректеріне сәйкес, Сейт Тоқымбаевтың қазасынан кейін оның жұбайы Хапиға күйеуіне жанащыр боп жүрген Смағұл Әмезұлына тұрмысқа шығады. Сейттің қарт анасын жалғыз қалдырып, қызын ала кетеді де, үйді өз атына рәсімдейді. Семей қаласының тұрғындары арасында наразылық тудырған бұл әділетсіздік қаламгер Мұхтардың «Оқыған азамат» әңгімесінің жазылуына арқау болды. Ғалымның «Оқыған азамат» тарихын зерттеудегі басты ерекшелігі – есті естеліктер мен құнды деректерді сараптап, өңдей білуінде. Ол тарихи деректерге сүйеніп, оларды зерттеу барысында мұрағат құжаттары мен көзін көрген адамдардың естеліктеріне негізделген. «Өнеге» атты естеліктер жинағының авторы Ғайса Сармурзинмен сұхбатында да ол нақты деректерге сүйеніп, оқырман ықыласының түзулігіне сенген [2, 253]. Ғалымның пайымдауынша, «Оқыған азамат» шығармасының бас кейіпкері Мейірханды Мұхтардың өзі деп таныса, Мақсұтты – есіл ер Сейіт Тоқымбаевтың бейнесі деп есептеген. Бұл сәйкестік шығарманың тарихи негіздерін айқындап, оның шынайылығын арттыра түседі. Шығармада айтылған оқиғалар – тек бір адамның басынан өткен ауыр тағдыр емес, ол сол кездегі қазақ зиялыларының басына түскен ортақ трагедия. Мұхтар Әуезов өз шығармасы арқылы қоғамдағы әділетсіздікті сынға алып, оқырманға ой тастайды. «Оқыған азамат» осылайша тек әдеби туынды ғана емес, тарихи-әлеуметтік шындықтың көркем шежіресіне айналды.

«Оқыған азамат» – сол кезеңдегі қазақ зиялыларының басына түскен әлеуметтік қасіреттің айнасы. Мұхтар Әуезов бұл туынды арқылы тек әділетсіздікке ғана емес, сол уақыттағы қоғамдық сана, рухани құндылықтар және ұлт мүддесі жолында күрескен тұлғалардың тағдыры жайлы терең ой қозғайды [7, 162]. Тұрсын Жұртбайдың зерттеулеріне сүйенсек, бұл туындыда шындық пен көркемдік қиялдың үйлесімі, тарихи деректер мен авторлық интерпретация қатар өрілген. М. Әуезов замандастарының тағдырын көркемдік тұрғыдан бейнелей отырып, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін, рухани жан күйзелісін және сол кезеңдегі оқыған, көзі ашық азаматтардың күрес жолын шынайы әрі әсерлі сипаттайды. Сондықтан «Оқыған азамат» – тек өткеннің куәсі ғана емес, бүгінгі ұрпаққа да қоғамдық әділеттілік пен ұлттық жауапкершіліктің мәнін ұқтыратын, тарихи тәжірибеден сабақ алуға үндейтін көркем туынды.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келгенде, Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе!..» еңбегі – қазақ әдебиетінің тарихи сабақтастығы мен рухани мұраларын зерделеген маңызды зерттеу. Ғалым бұл еңбегінде Абай дәстүрінің Мұхтар Әуезов шығармашылығына ықпалын, қазақ әдебиетінің эволюциялық даму жолдарын және тарихи шындық пен көркемдік интерпретацияның байланысын терең қарастырады. Әуезов тұлғасы тек жазушы ғана емес, ұлттық сананың қалыптасуына ықпал еткен рухани көшбасшы ретінде бағаланады. Ғалымның зерттеулері арқылы

қазақ әдебиетінің терең тамырлары, оның тарихи және мәдени негіздері жаңа ғылыми көзқараспен сарапталып, ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері ашыла түседі.

Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз», «Еңлік-Кебек», «Оқыған азамат» сынды шығармаларының көркемдік болмысын, тарихи астарын талдау арқылы Тұрсын Жұртбай қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді жалғастығын айқындайды. Бұл зерттеу ұлттық әдебиеттің болмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, тарихи жад пен көркем шығармашылықтың өзара байланысын ғылыми негізде талдайды. «Бесіңді түзе!..» еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған құнды зерттеу болумен қатар, қазақ руханиятының тарихи жадын жаңғыртуға, ұлттық мұраны келешек ұрпаққа аманаттауға бағытталған маңызды еңбек ретінде ерекшеленеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы: монография. 1 кітап. – Астана: «Фолиант», 2013. – 288 бет
2. Жұртбаев Т. Бесіңді түзе!.. роман-эссе. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1997. – 560 бет.
3. «Қазақ» газеті. 1915 жыл. Бірінші кітап / Құраст.: Ғ. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 496 бет
4. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. Әдеби-сын мақалалар жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1968. – 284 бет.
5. Жұртбай Т.Қ. Бейнет сусыны («Сұлу сөздің» жүйесі: бағдарламалар мен дәрістер). Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 562 бет
6. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 бет.
7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: Ғабылым, 1998. – 432 бет

ӘОЖ 82.091:82-1(=161.3)

## ҚАБДЫКӘРІМ ЫДЫРЫСОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ МӘНІ

Ергеш Арайлым Мүлкаманқызы

[Ergesharilym20@gmail.com](mailto:Ergesharilym20@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., проф. С. Негимов

Қазіргі әдебиеттануда интертекстуалдылық құбылысы зерттеу нысаны ретінде маңызды орын алуда. Интертекст – мәтіндердің өзара байланысын, олардың мәдени-тарихи контекстегі мәнін айқындауға көмектесетін әдеби категория. Интертекстуалдылық ұғымын ғылыми айналымға ХХ ғасырда Юлия Кристева енгізді. Бұл ұғым әдеби шығармалардың өзге мәтіндермен диалогтық қатынасын, мәдени-тарихи сабақтастық аясындағы өзара ықпалдастығын сипаттайды. Әдебиеттанудағы интертекстуалдық талдау әдісі белгілі бір шығарманың өзіне дейінгі әдеби мұрамен байланысын зерттеп, оның мағыналық тереңдігін айқындауға мүмкіндік береді. Юлия Кристева интертекстуалдылық туралы былай дейді: «Кез келген мәтін – бұл дәйексөздер мозаикасы, кез келген мәтін басқа бір мәтінді сіңіру мен өзгерту нәтижесінде қалыптасады». [1, 99-б.]

Көп ұзамай Юлия Кристеваның терминін оның ұстазы Ролан Барт «автордың өлімі» концепциясына байланысты қолданды: «Любой текст – это интертекст: на различных уровнях, более или менее опознаваемых, в нём присутствуют другие тексты – предшествующей и